

# 7. Қосымшалар

## 1-қосымша. Есеп туралы

Осы «KEGOC» АҚ-ның 2023 жылғы жылдық есебі тұрақты даму саласындағы жұмысты және 2023 жылғы аудиттелген қаржылық есептілікті қоса алғанда, барлық негізгі бағыттар бойынша Компания қызметіне кешенді шолу болып табылады. Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы ақпарат дәстүрлі түрде «KEGOC» АҚ оны 2009 жылдан бастап ұсынған нысанда және көлемде ұсынылған. Компания жыл сайынғы негізде екінші тоқсанда тұрақты даму туралы ақпаратты ашық қолжетімділікте шығару және орналастыру тәжірибесін жалғастыруда.

### 2-3

«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарма дайындаған және Стратегия, корпоративтік және тұрақты даму комитеті мен Аудит жөніндегі комитет алдын ала қараған Жылдық есептер мен тұрақты даму саласындағы есептерді «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітеді. 2022 жылғы жылдық есептің құрамына енгізілген «KEGOC» АҚ-ның 2022 жылғы тұрақты даму саласындағы алдыңғы есебін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітіп, 2023 жылғы мамырда жариялады. Компанияның барлық есептері «KEGOC» АҚ-ның ресми сайтында қолжетімді.

### 2-3, 2-14

Компания маңызды тақырыптардың көрсеткіштерін растау үшін конкурстық негізде айқындалған тәуелсіз тарапты тартты. Тақырыптар мен көрсеткіштердің тізбесі осы қосымшаның «Маңыздылықты талдау» бөлімінде келтірілген. Тәуелсіз аудитордың есебі 6-қосымшада берілген.

### 2-5

### Есептіліктің шекаралары

«KEGOC» АҚ осы Есепті жалпы корпоративтік деңгейде дайындады — осы Есепте ұсынылған тұрақты даму контекстіндегі деректер «KEGOC» АҚ еншілес ұйымы — «Энергоинформ» АҚ деректерін қамтиды.

### 2-2

Осы Есепке енгізілген тұрақты даму туралы ақпарат AA1000SES стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл жөніндегі стандарттың талаптарын ескере отырып, GRI Universal Standards 2021 (In accordance) сәйкес әзірленді және Компанияның 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғандағы тиісті қызметін сипаттайды.

Осы Жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамды сипатта болады және «KEGOC» АҚ-ның болашақ оқиғаларға қатысты ағымдағы көзқарастарын көрсетеді және «KEGOC» АҚ-ның бизнеске, қаржылық жағдайға, операциялық нәтижелерге, өсу стратегиясына және өтімділігіне қатысты қандай да бір тәуекелдерге, белгісіздіктер мен болжамдарға ұшырайды.

### Тұрақты даму мақсаттары

Осы Есепте «KEGOC» АҚ БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына бейілділігін растайтын ақпарат, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі шеңберінде 2015 жылы БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер қабылдаған ТДМ бойынша жұмыс туралы ақпарат бар.

Біз кез келген бизнестің ТДМ-ға қол жеткізуге қосқан негізгі үлесі жұмысқа орналасу, салық төлеу және әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктері, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау болып табылады деп санаймыз. Бұдан басқа, нақты және ұзақ мерзімді оң өзгерістерге біздің қоршаған ортаға әсерімізді басқару (кең мағынада), мақсатты әрекет ету, негізгі ойыншылармен және мүдделі тараптармен ынтымақтастық және күш-жігерімізді кеңейту арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Жыл сайын біз өз қызметімізбен ең күшті байланысы бар нақты ТДМ бойынша жұмыс туралы хабарлайтын боламыз. Сонымен қатар, біз жағдайды өзгерту үшін ең үлкен әлеуетіміз бар салаларды талдаймыз. Біз теріс әсердің қай жерде болуы мүмкін екенін зерттейміз, сондай-ақ мүдделі тараптармен бірге оң өзгерістерді жүзеге асырудың бірегей мүмкіндіктері бар бағыттарды іздейміз. Бағалау шеңберінде біздің құндылық тізбегіміз үшін мақсаттар мен міндеттердің өзектілігі, жауапкершілікпен және тұрақты дамуға деген ұмтылыстарымызға сәйкестігі, өзгерістерді ынталандыру үшін дағдыларымызды, құзыреттеріміз бен ресурстарымызды пайдалану қабілетіміздің болуы және мүдделі тараптар үшін мәселелердің маңыздылығы сияқты факторлар талданады.

### 2023 жылы жұмыс жүргізілген негізгі бөлінген ТДМ



### БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттары

Жаһандық шарттың қағидаттары	бет.
<b>Адам құқықтары саласындағы қағидаттар</b>	
1-қағидат. Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс.	<a href="#">40</a>
2-қағидат. Іскер топтар адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.	<a href="#">75</a>
<b>Еңбек қатынастары саласындағы қағидаттар</b>	
3-қағидат. Іскер топтар бірлестік еркіндігін және ұжымдық шарттар жасасу құқығын нақты мойындауды қолдауы тиіс.	<a href="#">49</a>
4-қағидат. Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауы тиіс.	<a href="#">40</a>
5-қағидат. Іскер топтар балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы тиіс.	<a href="#">40</a>
6-қағидат. Іскер топтар Жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы тиіс.	<a href="#">40</a>
<b>Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттар</b>	
7-қағидат. Іскер топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдауы тиіс.	<a href="#">33</a>
8-қағидат. Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдауы тиіс.	<a href="#">33</a>
9-қағидат. Іскер топтар экологиялық таза технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс.	<a href="#">33</a>
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар</b>	
10-қағидат. Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы тиіс.	<a href="#">75-76</a>

### Есепті қалыптастыру қағидаттары

Жылдық есептің тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есептемеге қатысты бір бөлігін әзірлеу кезінде Компания GRI стандарттарының төмендегі қағидаттарын қолданады:

<b>Дәлдік</b>	Осы Есепте ұсынылған ақпарат құжатталған деректер негізінде жиналады және мүдделі тараптарға Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді. Осы Есептің экономикаға қатысты бөлімдерін әзірдеу кезінде ХҚЕС сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептілік пайдаланылды.
<b>Теңгерімділік</b>	Осы Есеп «KEGOC» АҚ қызметінің нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптарын көрсетеді.
<b>Айқындық</b>	«KEGOC» АҚ осы Есепті түсінікті және мүдделі тараптардың кең ауқымына қолжетімді етуге ұмтылады. Нақты терминдер мен қысқартуларды түсіну үшін есептің соңында глоссарий берілген.
<b>Салыстырмалылық</b>	Осы Есеп GRI стандарттарына сәйкес әзірленді, бұл мүдделі тұлғаларға «KEGOC» АҚ қызметін басқа ұйымдардың қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді. Осы Есепте ашылған көрсеткіштер соңғы бес жылдағы динамикада ұсынылған.
<b>Толықтығы</b>	Осы Есепте саланың ерекшелігін ескере отырып, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға барлық елеулі әсерлер бойынша барлық ЖЭТ филиалдарының, ЖО ҰДО филиалының, Атқарушы дирекцияның, «Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымының қызметі туралы ақпарат қамтылады. Кейбір жағдайларда ақпараттың қайталануын болдырмау үшін «KEGOC» АҚ интернет-сайтына немесе көпшілікке қолжетімді құжаттарға сілтемелер келтіріледі.
<b>Тұрақты даму контексті</b>	Осы Есептегі деректер үш құрамдас бөлікті қоса алғанда, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде айқындалған тұрақты даму контекстінде ұсынылған: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. «KEGOC» АҚ Даму стратегиясында тұрақты даму саласындағы мақсаттар, міндеттер, негізгі бастамалар мен стратегиялық ҚНҚ айқындалған және олардың 2023 жылғы жетістіктері туралы ақпарат осы есепке енгізілген.
<b>Уақытылылық</b>	Осы Есепті дайындау жоспарлы сипатта болады, есепті жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанында жарияланады.
<b>Верификациялануы</b>	Есептегі барлық ақпарат тексерілуі мүмкін деректерге, оның ішінде ресми статистикалық есептерге, бақылаушы органдардың есептеріне, компанияның және KASE сайтында орналастырылған ақпаратқа, SAP цифрлық платформасына, аудиттелген қаржылық есептілікке және т.б. негізделген.

### Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және маңыздылығын бағалау

Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін:

- стейкхолдерлермен тиімді жұмыс істейтін өзара іс-қимыл саясатының болуы;
- барлық мүдделі тараптармен ашықтық пен өзара тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізу;
- стейкхолдерлердің даму стратегиясын іске асыру кезінде барлық нақты тәуекелдерді барынша азайту және жою бойынша компания қабылдайтын шараларды түсінуіне қол жеткізу;
- мүдделі тараптар үшін компания қызметі туралы сенімді ақпарат көзін құру және «KEGOC» АҚ қызметі туралы сенімді ақпаратты стейкхолдерлердің нысаналы топтарына жедел жеткізуді қамтамасыз ету маңызды.


«KEGOC» АҚ компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп анықталған мүдделі тараптардың (стейкхолдерлердің) топтарын, сондай-ақ олардың даму

**2-29**

Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге әсер ету дәрежесін және Компания қызметінің оларға бес балдық шкала бойынша әсер ету дәрежесін айқындады. Бұл ретте, талдау қорытындыларын шығару кезінде «сарапшылардың», яғни стейкхолдерлердің нақты топтарымен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын құрылымдық бөлімшелердің пікірлеріне ерекше назар аударылды.

«KEGOC» АҚ осы топтармен тұрақты ашық диалог жүргізеді және «KEGOC» АҚ қызметіне, оның ішінде тұрақты даму саласындағы қызметіне қатысты ақпаратты үнемі ашып отырады. Компания стейкхолдерлер картасын, өзара іс-қимылдың негізгі арналарын айқындайтын коммуникациялық стратегияны, сондай-ақ Даму стратегиясын іске асыруды қолдау үшін жыл сайын әзірленетін өзара іс-қимыл кезеңділігі белгіленген барлық мүдделі тараптармен коммуникациялар жоспарын бекітті.

### «KEGOC» АҚ стейкхолдерлерінің картасы



- Стейкхолдерлердің компанияға әсер ету дәрежесі
- Компанияның стейкхолдерлерге әсер ету дәрежесі

**Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл**

**2-29**

Стейкхолдерлер	Өзара әрекеттесу мақсаттары	Өзара әрекеттесу арналары
<b>1. Акционерлер</b>	Компанияның акционерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметі корпоративтік басқару кодексінде және «KEGOC» АҚ Жарғысында бекітілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және құрметтеуге бағытталған.	Компанияның жылдық және аралық есептілігін, корпоративтік оқиғалар, мәмілелер туралы ақпаратты, акционерлердің жалпы жиналыстарын, инвестициялық қоғамдастықпен кездесулерді өткізу туралы ақпаратты, өтініштерге жауаптарды жариялау. 2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында акционерлерден «KEGOC» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштер түскен жоқ. <b>2-25</b>
<b>2. Қаржыландыру топтары</b>	Компания инвесторларға қатысты өзінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды және өзара сенімге негізделген ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға ұмтылады.	Компанияның жылдық және аралық есептерін жариялау, ХҚИ-ға мерзімді есептілікті және сұрау салулар бойынша ақпаратты жіберу, қарыз қаражатын тарта отырып іске асырылатын жобалар шеңберінде ХҚИ делегацияларының кездесулері, миссиялары мен сапарлары, ақпаратты веб-сайтқа орналастыру.
<b>3. Билік және бақылаушы органдар</b>	«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі және табиғи монополиялар субъектісі бола отырып, мемлекет алдындағы өзінің жауапкершілігін түсінеді және құқықтық және этикалық міндеттемелерді орындауға, сондай-ақ заңнама нормаларын сақтауға ұмтылады.	Тұрақты есептілік, құқықтық актілерді, бағдарламалық және салалық құжаттарды әзірлеуге қатысу, жұмыс кездесулері, сұрауларға жауаптар, жедел кеңестер.
<b>4. Кәсіби және сараптама-лық ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, БАҚ</b>	«KEGOC» АҚ интеграцияны тереңдету тетіктеріне және Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде электр энергетикасын дамытудың Үйлестірілген стратегиясын әзірлеуге назар аудара отырып, халықаралық, өңірлік және республикалық салалық ұйымдардың мүшесі және қатысушысы болып табылады. Компания жеделдік, сенімділік, қолжетімділік және теңгерімділік қағидаттарына сүйене отырып, өзара іс-қимыл және ақпаратты ашу есебінен БАҚ-та беделді капитал мен оң имиджді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.	Электр энергетикалық ұйымдардың қызметіне, бағдарламалық және салалық құжаттар мен бастамаларды әзірлеуге белсенді қатысу, инвестициялық жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу, веб-сайтта және БАҚ-та қызмет туралы ақпаратты ашу, сұрауларға жауаптар, брифингтер, баспасөз конференцияларын өткізу. <b>2-26</b>
<b>5. Өнім берушілер</b>	Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде Компания: сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы; сапалы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; мүгедектер ұйымдарын қолдау шартымен барлық әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру; әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік; қабылданатын шешімдерді бақылау және жауапкершілік; делдалдарды сатып алу процесіне қатысуды барынша азайту қағидаттарына негізделеді.	Шарттық міндеттемелерді орындау, әлеуетті өнім берушілермен тендерлік құжаттама жобаларын алдын ала талқылау, сатып алу қызметі туралы хабардар ету.
<b>6. Тұтынушылар</b>	Компанияда тұтынушыға бағдарлану қағидаты енгізіліп, сақталады, тұтынушылардың талаптарын айқындау және орындау тетігі құрылады және қамтамасыз етіледі.	Тұтынушылардың қанағаттанушылығын бағалауды, Қоғамдық тыңдауларды, тұтынушылар алдындағы жыл сайынғы есепті, тұтынушылармен кездесулерді жүйелі түрде өткізу, веб-сайтта қолжетімділік рәсімдерін және қатысу өңірлері бойынша бос қуаттардың болуын жариялау. <b>2-26</b>
<b>7. Қызметкерлер</b>	Компания өз қызметкерлерін құрметтейді және бағалайды, персоналдың қажеттіліктері мен қажеттіліктеріне бағдарланады, персонал үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын, еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктердің лайықты деңгейін, кәсіптік оқыту мен дамытуды қамтамасыз етуге ұмтылады.	Менеджменттің жыл қорытындысы және болашақ кезеңге арналған жоспарлар бойынша ұжыммен есептік кездесулері, өзекті мәселелер бойынша қызметкерлердің пікірін сұрау, ішкі портал арқылы ақпараттандыру және кері байланыс, әлеуметтік тұрақтылық рейтингін жыл сайынғы зерттеулер, омбудсмен институты, жедел желі. <b>2-26</b>
<b>8. Еншілес ұйымдар</b>	Компания корпоративтік басқарудың тиімді тетіктеріне негізделген еншілес ұйымдарды теңгерімді дамытуға ұмтылады.	Өзара іс-қимыл корпоративтік рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады. «KEGOC» АҚ басқаруды ЕҰ басқару органдарының өкілдері арқылы жүзеге асырады, ЕҰ қызметіне әдіснамалық қолдау көрсетеді.
<b>9. Іргелес мемлекеттердің энергия жүйелері</b>	Қазақстан Республикасы мен іргелес мемлекеттердің энергия жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Компания Ресей Федерациясымен және Орталық Азия елдерімен өзара тиімді және тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады.	Кездесулерді тұрақты негізде өткізу (ОА ҰЭК, ТМД Электр энергетикалық кеңесі және т.б.), энергия жүйелерінің жұмыс режимдерін және нормативтік құжаттаманы келісу.

## Маңыздылықты талдау

Компания мүдделі тараптар үшін өзекті және маңызды ақпаратты жылдық есепте көрсетуге тырысады. «KEGOC» АҚ жыл сайын сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің сауалнамасы негізінде маңыздылығына талдау жүргізеді. 2023 жылы маңызды тақырыптар анықталған кезде компанияны басқару ерекшеліктерін, экономикалық тиімділік мәселелерін, адам құқықтарын сақтауды, салалық ерекшеліктерді ескере отырып, компанияның қоғам мен экологияға әсерін қамтитын барынша толық тізім қарастырылды. GRI стандарттарының маңыздылығы принципіне сәйкес, тұрақты даму туралы ең өзекті тақырыптарды анықтау үшін 2023 жылдың тамызында компанияға анағұрлым елеулі әсер ететін ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің бес балдық шкаласы бойынша сауалнама-бағалау жүргізілді. 2023 жылы жүргізілген маңыздылыққа талдау «Қос маңыздылық» тәсілін қолдануға негізделген. Осы есепті дайындау шеңберінде стейкхолдерлерге сауалнама жүргізілді, оның ішінде 120 сыртқы (тұтынушылар) және 123 ішкі (акционерлер, компания қызметкерлері) стейкхолдерлерден 243 толтырылған сауалнама алынды.


### 2-29

Сауалнамаларды талдау нәтижелерін қарастыра отырып, орнықты даму жөніндегі үйлестіру кеңесі мен БМЖ бес балдық шкала бойынша мүдделі тараптардың бағалауы мен шешімдеріне маңызды тақырыптардың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерінің маңыздылығын бағалады. Сауалнама нәтижелері мүдделі тараптардың басымдықтарын және тұрақты даму саласындағы негізгі тенденцияларды көрсететін ішкі құжаттарды бағалаумен біріктірілді. Маңыздылығын бағалау нәтижелері бекітілді орнықты даму жөніндегі үйлестіру кеңесі және БММ (2023 жылғы 11 желтоқсандағы №4 хаттама).

Жоғарыда сипатталған екі бағалау негізінде маңыздылық матрицасы құрылды, оған сәйкес компания үшін ең маңызды болып табылатын «KEGOC» АҚ стейкхолдерлерін қызықтыратын 6 тақырып анықталды.

### 3-1

## Маңыздылық матрицасы



Осылайша, осы есепте ашылған маңызды тақырыптардың тізімі мыналарды қамтиды:

### Экономикалық тақырыптар:

- 201 Экономикалық тиімділік

### Экологиялық тақырыптар:

- 302 Энергия
- 305 Шығарындылар
- 306 Қалдықтар

### Әлеуметтік тақырыптар:

- 403 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау
- 405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер

### 3-2

2023 жылғы сауалнаманы талдау нәтижелері 2022 жылы жүргізілген талдау нәтижелерімен салыстырылды. 2022 жылы жүргізілген талдау нәтижелері бойынша маңызды деп анықталған тақырыптардан басқа, «Қалдықтар», «Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер» тақырыптарын стейкхолдерлер маңызды деп таңдайды. Дегенмен, GRI тақырыптарының көпшілігі осы есепте, соның ішінде TCFD ұсынымдарын қолдана отырып әзірленген KASE және AIX биржаларының бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу ережелерінің талаптарын сақтау үшін ашылған.

### 3-2

Тұрақты қаржыландыруға қатысты мәселелер мен мақсаттарға қатысты шешімдер қабылдауға қызығушылық танытатын бизнес пен нарықтардың өсіп келе жатқан назары ESG аспектілеріне және онымен байланысты тәуекелдерге көбірек назар аударуға әкеледі. ESG мәселелері Топтың стратегиясы мен бизнес-моделінің ажырамас бөлігі болып табылады және оларға көбірек көңіл бөлінеді. Бұл, ең алдымен, экологиялық сипаттағы тәуекелдерге және әлеуметтік мәселелермен байланысты тәуекелдерге қатысты болып табылады.